

«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Салбырова Макпал Тоқтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі заман талабына сай дүниежүзінің педагогтары мен ақпараттық жүйедегі ғалымдары оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға қызығушылықтары артуда. Әлемдегі дамыған мемлекеттер саналатын АҚШ, Еуропа, Жапония және Ресей ғалымдары қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану жайында ХХІ ғасырдың басынан көңіл бөле бастады. Әсіресе, онлайн-жүйесінде білім беруді қолдана отырып оқыту әдістемелерін жаңарту арқылы түрлі оқытудың жаңа технологияларын ойлап табуда. Осы тұрғыдан қарағанда қазіргі заманғы электрондық оқулық жүйесінде білім беруді пайдалануда, география пәніне қатысты зерттеулердің жүргізілуі, әрі оны оқыту жүйесіне енгізілуі, қазіргі қазақстандық қоғамдағы жаңа сапада жаңғырта терең зерделеуді қажет ететін тың әрі өзекті мәселе екендігін көрсетеді.

Осы себепті зерттеу тақырыбының өзектілігі еліміздің президенті Қасым-Жомар Тоқаев ағымдағы жылдағы жолдауында қолға алынған «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» – білім беру сапасын жақсартумен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелерді шешу, сонымен қатар Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 11 бабында «Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы қазан айындағы Қазақстан халқына кезекті жолдауында «Оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту» жайында, «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы ұстанымдарымен, «Нұрлыжол» мемлекеттік жаңа экономикалық саясатын іске асыруға арналған бағдарламалық мақалаларындағы міндеттермен тікелей байланысты. Өйткені дәстүрлі педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелерге қарағанда оқытудың жаңа технологияларын пайдалану – ғылыми зерттеудің құндылығын арттырып тұрғандығын байқатады. Себебі қазіргі таңда әлемдегі дамыған, өркениетті

елдердің дерлігі география пәнін оқытудың жаңа технологияларын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізінде іске асыруда.

Қазіргі география және педагогика ғылымдарының тоғысуы нәтижесінде география пәнін зерттеу, педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелер мәселелерін зерттеу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электрондық байланыс, ақпарат алмасу мен интернет құрылымын талдау, электрондық пошта, телеконференция және Online сабақтарының мәселелерін география ғылымдар тұрғысында зерттеу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәні бағытындағы міндеттерін шешу, география пәнін оқытудың жаңа технологияларын талдауға байланысты ғылыми еңбектерге кешенді түрде зерттеу жүргізілгені белгілі.

Ізденуші Салбырова Макпал Тоқтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы аталмыш уақыт талабына әбден сай келеді және тақырыбы өзекті болып табылады. Соңғы уақытта мемлекеттік бағдарламалардың сандық технологияға, жоғары ақпараттық технологияларға, оқытудың жаңа әдістеріне, сонымен қатар электронды оқыту құралына бағыт алуы тұрғысынан аталмыш зерттеудің құндылығы арта түседі. Сондықтан ізденуші көтерген мәселе қазақстандағы география, педагогика ғылымдарына аса қажетті дүние. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен сонылығы еш күмән тудырмайды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет география пәнін оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың негізі зерттеуге алынған. Зерттеу жұмысы өзіндік ғылыми жаңалықтарымен ерекшеленеді. Диссертацияда жасалған әрбір қорытынды мен ғылыми нәтиже эмпирикалық материалдарға негізделіп дәйектелген. Ізденуші алға қойған міндеттерді шешу барысында төмендегідей бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтиже бойынша география пәнін оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік жүйесі ұсынылған.

Екінші ғылыми нәтиже бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәнін оқыту үдерісінде қолданудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін анықтауда маңызды репрезентацияның бірі екендігі көрсетілген.

Үшінші ғылыми нәтиже бойынша білім алушылардың білімдерін тексеру, бағалау негізінде «Macromedia Flash», «3ds max», «Delphi» компьютерлік бағдарламаларын сұрыптау негізінде, география пәнінің электронды оқыту құралын әзірлеуге мүмкіндігінің зор екендігі айқындалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші өзінің зерттеу жұмысы барысында әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде география пәні, педогогика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялары ғылымдары бойынша жазылған еңбектермен қатар, ресейлік ғылыми еңбектерді тиімді қолдана білген. Әсіресе, оқыту жаңа технологияларындағы материалдарды топтастыруда әдеттегі отандық география пәнін оқытуда қалыптасқан классификациядан өзгеше шетелдік тың деректермен толықтырылған.

Бірінші ғылыми нәтижені негіздеуде ізденуші зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі ретінде «ақпарат» және «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымдарының талдау жасай отырып, білім берудегі орнын айқындаған.

Екінші ғылыми нәтижені негіздеуде ізденуші географиялық білім беруде оқытудың құрылымдық – мазмұндық үлгілерінің әзірленуі, оның бөлімдік мазмұны білім алушылардың білім сапасы деңгейін арттыруға бағытталған мүмкіндіктерін көрсеткен.

Үшінші ғылыми нәтижені негіздеуде ізденуші мектеп географиясының жаңартылған мазмұнына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік жүйесін дайындап. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болатындығын көрсеткен.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағидасы) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Салбырова Макпал Токтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты диссертациялық зерттеу жұмысы төмендегідей ғылыми жаңалықтармен ерекшеленеді.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Себебі зерттеуде қойылған мақсат-міндеттер жаңа, сондай ақ, зерттеу әдіс-тәсілдері, Кембридж университетінің оқу тәсілдерін зерттеу, қашықтықтан оқыту технологиясы мен Блум таксаномиясын зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстардағы педагогикалық талдауда ақпараттық-коммуникациялық технологияны тиімді қолдану, критериялық бағалау, когнитивті әдістерді қолдану, алынған нәтижелердің ақиқаттылығын қамтамасыз ететін Дальтон технологиясын қолдану отандық жалпы педагогикалық, оның ішінде география пәні саласында алғаш қолға алынып отыр. Сондықтан бұл басты ғылыми нәтиже жаңа. Сонымен қатар білім беруді цифрландыру жағдайында оқыту үдерісінде педагогикалық әдістерді алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологияларда зерттеуге алынып, ғылыми тұрғыда анықталуда. Алынған нәтиже жаңа оқыту технологиясындағы әдістеме негізінде бекітілген.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа, себебі география пәнін оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану географияны үйрету

үдерісінде – құрылымдық үлгі негізіндегі әдістемелік жүйесі алғаш рет қарастырылып отыр.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа, себебі ғылымда алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәнін оқыту үдерісінде пайдалану мақсаты айқындалды, соның негізінде білім алушылардың білімдерін тексеріп, бағалауға мүмкіндік беретін «Macromedia Flash», «3ds max», «Delphi» компьютерлік бағдарламаларына негізделген электрондық оқыту құралын пайдалану алғаш рет қарастырылып отыр.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану негізінің зерттеу нәтижелері география ғылымындағы ақпараттық технологиялар, туризм, ақпараттық-коммуникацияра технологиясы, мектеп географиясы, экология, геоморфология бағытында орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстары үшін зор үлесін қосатындығы анық. Сонымен қатар алынған тұжырымдар мемлекеттік оқу бағдарламасындағы география пәнінің жандануына септігін тигізеді деп болжаймыз. Қазақстан көлеміндегі педагогика мен география пәнінің тұжырымдамалары жинақталып, ғылымның өзге ақпараттық технологиялар, этнопедагогика және мектеп географиясы сынды зерттеулерге материал бола алады; сонымен қатар ақпараттық технология, интернет желісінің веб технологиясы ғылымдарында «Электрондық оқулық», «Қашықтықтан оқыту» сияқты арнайы курстарда дәріс оқуға және практикалық сабақтарда қолдануға, мектеп географиясының жаңартылған мазмұнына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды құрастыруда пайдаланыла алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 16 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері ҚазҰПУ-дың жаратылыстану және география институтының география, экология және туризм кафедрасы мен Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің география факультетінде (Мәскеу) мәжілістерінде талқыланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын бағалай келе, бірқатар ескертулер мен ұсыныстар айтқымыз келеді.

1) Диссертант географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдануды қарастырған, бірақ оның ішінде географиялық ақпараттар жүйесі (ГАЗ) жайында мүлдем қозғамаған. Егер географиялық

ақпараттық жүйеге тоқталып өткенде ғылыми жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

2) Техника мен технологияның қарқындап дамуына байланысты, мобильді телефондардың (смартфондардың) қосымшасы негізінде электронды оқулықтың баламасы жасалған кезде мектептерге ұсынылып, онда қолдану аясы кеңейер еді.

3) Диссертациялық жұмыста шолу бағытындағы материалдарда сілтемелер берілмеген. Мысалы, 23, 30, 32, 39 беттер.

4) Диссертациялық жұмыстағы кейбір сұлбалардың (схемалар) авторлығы көрсетілмеген, мысалы, 7-сұлба, 8-сұлба, 50-51 беттер аралығындағы сұлбалар.

5) Зерттеу жұмысының маңыздылығын төмендетпейтін кейбір грамматикалық, стилистикалық қателерді аңғаруға болады.

Жоғарыда айтылған ескертулер зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығына, теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Салбырова Макпал Токтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы ғылыми құндылығы жоғары, практикалық маңыздылығы айқын. Диссертация жұмысы Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай келетін жұмыс деп бағалай келе, ізденуші Салбырова Макпал Токтарбекқызының «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймыз.

**Ресми рецензент,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
география және табиғатты
пайдалану факультеті картография
және геоинформатика кафедрасының
доцент м.а., PhD доктор**



Е.Х. Какимжанов

**ҚОЛТАҢБАСЫН
РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ**